

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 37 (948) 25 тамыз 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru



## ЕЛІМІЗДЕ ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ

Мемлекеттік басқару жүйесі үшін талантты жастарды анықтау және тарту мақсатында Президенттік жастар кадр резервіне кезекті үшінші іріктеу жоспарлануда. Іріктеуге өтінімдерді қабылдау 1 қыркүйектен бастап [pkrezerv.gov.kz](http://pkrezerv.gov.kz) сайтында қолжетімді болады. Өтінімдер 30 қыркүйекке дейін қабылданады.

Іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және 5 жыл жалпы жұмыс тәжірибесі бар, қазақ тілін меңгерген (В1 деңгейінен төмен емес) Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады.

### БИЫЛ ІРІКТЕУ КЕЛЕСІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША

Инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты;

Агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау;  
Сыртқы саясат және инвестициялар;  
Экономикалық және қаржылық саясат;  
Цифрландыру;  
Әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам;  
Іріктеу 6 кезең бойынша өткізіледі:  
- Құжаттарды қабылдау;  
- Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау;  
- Ситуациялық тапсырмаларды шешу;  
- Құзыреттерді бағалау (Assessment center және HR-сұхбат);  
- Сарапшылық комиссияда әңгімелесу;  
- Ұлттық комиссия отырысы.  
Іріктеу қорытындысы бойынша 50 кандидат резервке алынады.

**Жеңімпаздар ағымдағы жылғы желтоқсанда жарияланады.**

## «ЕҢБЕК ЖОЛЫ» - 2023

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын «Еңбек жолы» конкурсын өткізеді, ол Тұңғыш Президент – Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты бағдарламалық мақалаларын іске асыру шеңберінде өткізіледі.

Бұл конкурс жастарды еңбекке құрметпен қарау рухында тәрбиелеу, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту мақсатында үздік еңбек әулеттері мен өндіріс қызметкерлерін айқындайды. Конкурс қоғамдағы еңбек адамының мәртебесін арттыруға және «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» ұранымен өтіп, еңбек өнімділігін ынталандыруға ықпал етеді.

Ағымдағы жылғы 1 мамыр мен 1 шілде аралығында конкурсқа қатысуға үміткерлерден өтінімдер қабылданды.

Аудандар мен Петропавл қаласының жұмыс берушілерінен барлығы 39 өтінім келіп түсті:

- «Үздік еңбек әулеті» - 13 өтінім тіркелді;
- «Жұмыс шы жастардың үздік тәлімгері» - 10 өтінім тіркелді;
- «Өндірістің үздік жас қызметкері» - 16 өтінім тіркелді.

«Еңбек жолы» конкурсына 2023 жылғы қатысушыларының материалдарын қарап, «Еңбек жолы» конкурсының ережесін басшылыққа ала отырып, конкурстың облыстық кезеңінің жеңімпаздарын бекітті:

«Үздік еңбек әулеті» номинациясы бойынша:  
1 орын – Петропавл қ., Самковскийлер әулеті;  
2 орын – Есіл ауданы, Шевчуктер әулеті;  
3 орын – М.Жұмбаев атындағы аудан, Должиковтар әулеті;  
3 орын – Тимирязев ауданы, Тихоновтар әулеті.

«Жұмыс шы жастардың үздік тәлімгері» номинациясы бойынша:

- 1 орын – Ф. Мүсірепов атындағы аудан, Е.А.Тимошук;
- 2 орын – Петропавл қ., Б.П. Огневец;
- 3 орын – Петропавл қ., Ю.А. Гаврилов.

«Өндірістің үздік жас қызметкері» номинациясы бойынша:

- 1 орын – А.Уатаев, Петропавл қ.;
- 2 орын – Есіл ауданы, К.Б. Мырзахметов;
- 3 орын – Ақжар ауданы, Н.Қ. Темірғали.

Одан әрі «Еңбек Жолы» конкурсының республикалық кезеңіне қатысу үшін конкурстың әрбір номинациясы бойынша облыстық кезең жеңімпаздарының құжаттары ҚР ЕХӘҚМ-ға жіберілді.

## АТА ЗАҢЫМ – АЙБЫНЫМ!



## ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Сіздерді біздің еліміз үшін ең айшықты мерекелердің бірі –Қазақстан Республикасы Конституциясының күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Бұл құжат 28 жыл бойы Қазақстанды күшті мемлекетке, ал оның тұрғындарын ынтымақты ұлтқа айналдыра отырып біздің қоғамда келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуде.

Негізгі Заңның өзекті қағидаларына иек арта отырып елімізде нарықтық экономиканың қалыптасуы және демократиялық қоғам негіздерінің қалануы сияқты республикамыз үшін өмірлік маңызды қайта құрулар жүзеге асырылды. Қазақстан бүгіндері халықаралық аренада белгілі елге айналды және әлемдік экономикалық жүйелер арасында өзінің лайықты орнын алды. Алайда өмір бір орнында тұрмайды. Бүгіндері күрделі геосаяси жағдайлар мен тәуекелдер ахуалында Қазақстанның алдында жаңа міндеттер тұр. Бұл жағдайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасы бойынша қабылданған және 2022 жылдың 5 тамызында өткен республикалық референдумда бекітілген ҚР Конституциясына түзетулер үлкен рөл атқарады.

Белгіленген қайта өзгертулердің басты мақсаты азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру, мемлекеттілікті жүйелі нығайту және қоғамды үйлесімді дамыту болып табылады.

Бүгіндері біздің Отанымыздың гүлденуі жолында баршамыз өзіміздің еңбегімізбен және қоғамның өміріне белсене қатысуымызбен солтүстікқазақстандықтардың бірнеше ұрпағы жасағандарды сақтауға тиіспіз. Сіздерге және жақындарыңызға мықты дегенсаулық пен бақыт, бейбітшілік, игілік пен біздің ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасының гүлденуін тілеймін! Мерекелеріңізбен! Конституция күнімен!

**Айдарбек САПАРОВ,  
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі**

## ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймын!

Бұл барлық қазақстандықтар үшін жалпыхалықтық және аса маңызды мереке. Конституция егемендіктің кепілі ретінде біздің бірлігімізді нығайтты, тұрақтылық пен келісімнің өзегі, жасампаздықтың символы және үлкен істер мен қазіргі жетістіктердің бастауы болды. Өзінің барлық жылдарында еліміздің басты құжаты өзінің тиімділігін, демократиялығын және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталғандығын бірнеше рет дәлелдеді. Негізгі Заңның ережелеріне сүйене отырып, біз қоғамда бейбітшілік пен тыныштықты сақтауға тырысамыз, елдің әлеуметтік-экономикалық қана емес, саяси жағдайын нығайтуға бағытталған ауқымды реформалар мен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі аса маңызды міндеттерді шешеміз.

Осы мереке күні сіздерді Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын! Мықты денсаулық, құт - береке, жақсылық, бақыт және оптимизм тілеймін!

**БЕРІК ӘЛЖАНОВ, Тайынша ауданының әкімі.**





